«8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынған Санбаева Балым Жалғасқызының «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Санбаева Балым Жалғасқызының «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы қазіргі жоғары білім беру жүйесін интернационалдандыру, академиялық ұтқырлықты дамыту және шетелдік студенттер контингентінің артуы жағдайында өзекті ғылыми мәселені зерттеуге арналған.

Жаһандану жағдайында шетелдік студенттердің қабылдаушы елдің академиялық, әлеуметтік және мәдени ортасына бейімделуі жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Бейімделу үдерісінің күрделі әрі көпқырлы сипаты оны ғылыми тұрғыдан негіздеуді, тиімді педагогикалық тәсілдер мен модельдерді әзірлеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу әлеуметтік педагогика теориясы мен жоғары білім беру практикасы үшін маңызды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ғылыми мәселенің мазмұнына сәйкес айқындалған. Автор шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеп, оның құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуге және тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан негіздеуге бағытталған жүйелі зерттеу жүргізген.

Диссертацияның әдіснамалық негізін жүйелік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік және мәдениетаралық тәсілдер құрайды. Оларды кешенді қолдану зерттеліп отырған мәселені тұтас қарастыруға, шетелдік студенттердің бейімделуіне ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға және педагогикалық қолдау тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берген. Зерттеудің ұғымдық-терминологиялық аппараты жүйеленіп, негізгі ғылыми ұғымдар нақтыланған.

Диссертацияның маңызды ғылыми нәтижелерінің бірі – шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі. Ұсынылған модель әлеуметтік, педагогикалық, мәдени және психологиялық факторлардың өзара байланысын қамтып, бейімделу үдерісін мақсатты әрі жүйелі ұйымдастыруға бағытталған. Оның мазмұны университеттік ортада шетелдік студенттерге педагогикалық қолдау көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне бағытталған арнайы бағдарламаның әзірленуімен, жол картасының жасалуымен айқындалады. Бағдарлама, жол картасы және сайт мәдени, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік

бейімделу бағыттарын кешенді қамтып, студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, мәдениаралық коммуникация дағдыларын дамытуға және университеттік ортаға кірігуіне бағытталған. Бағдарлама мазмұнын мен жол картасын цифрлық форматта ұсыну мақсатында арнайы веб-сайт әзірленген.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізіліп, шетелдік студенттердің бейімделу деңгейін бағалауға арналған диагностикалық әдістер кешені қолданылған. Зерттеу құралдарының сенімділігі Кронбах альфа коэффициенті арқылы тексеріліп, алынған деректерге статистикалық талдау жүргізілген. Эксперимент нәтижелері ұсынылған модель мен бағдарламаның тиімділігін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беріп, зерттеу қорытындыларының негізділігін күшейтеді.

Диссертацияның теориялық маңыздылығы шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінің ғылыми негіздерін жүйелеумен, оның құрылымдық компоненттері мен негізгі факторларын айқындаумен сипатталады. Практикалық маңыздылығы әзірленген модель мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындарының білім беру және тәрбие үдерісінде, сондай-ақ шетелдік студенттерге әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстарында қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Зерттеу барысында автор ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу әдістерін таңдау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу, алынған деректерді саралау және ғылыми қорытындылар жасау қабілетін көрсетті. Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан жүйелі, ғылыми стильде жазылған және зерттеу нәтижелері негізді түрде тұжырымдалған.

Диссертацияның мазмұны 8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламасының бағытына сәйкес келеді. Зерттеу аяқталған, дербес ғылыми жұмыс ретінде рәсімделіп, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сай орындалған.

Қорытындылай келе, Санбаева Балым Жалғасқызының «Шетелдік студенттердің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған, теориялық және практикалық маңызы бар аяқталған зерттеу болып табылады. Авторды 8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының аға оқытушысы, PhD **Есенова К. А.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«27» 10 2020 ж./г.